БЕКІТЕМІН:
«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының мектеп-гимназиясы» КММ. Мектеп-гимназия директоры
_____________ А.Абишева

«Макинск қаласы мектеп- гимназиясы» КММ
тілдер онкүндігіне арналған жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы

| № | Іс шараның атауы | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | «Тіл- әр ұлттың ең ұлы анасы» атты онкүндіктің ашылу салтанаты | | Тіл мамандары |
| 2 | «Тіл мәртебесі- ел мерейі» атты оқушылар арасындағы челлендж | Онкүндік барысында | Туржанова М.Б |
| 3 | Мектеп кітапханасында «Тіл - тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты тақырыбында көрме | Онкүндік барысында | Кітапханашы |
| 4 | Республикалық диктант | | Тіл мамандары |
| 5 | Менің тілім мақтанышым ашық сабақ | 13.09 | Ехиена Б.Е |
| 6 | «Тіл білгірлері» сыныптан тыс сабақ | 11.09 | Амангелді Б. |
| 7 | «Тіл- ұлттық қазына» атты сыныптан тыс сабақ | 06.09 | Мухамадиева А.К. |
| 8 | «Көңілді тапқырлар» атты біріктірілген ашық сабақ | 13.09 | Мухамадиева А.К. |
| 9 | «Байбөрі баласы Бамсы Байрақ туралы жыр» ашық сабақ | 14.09 | Ахметжанова К.К. |
| 10 | «Алаш зиялылары және қазақ тілі» сыныптан тыс сабақ. | 08.09 | Ахметжанова К.К. |

**«Макинск қаласы мектеп- гимназиясы» КММтілдер онкүндігінің сараптамасы**

Тілдер апталығының онкүндігіе байланысты жоспар құрылды, жоспар негізінде берілген іс шаралар өткізілді.

Ең алдымен, апталықтың ашу салтанаты өтілді. Жиынға білім алушылар мен ұстаздар қатысты. Тілге байланысты өлеңдер оқылып, ән шырқалды. Жүргізушілер жоспармен таныстыра отырып, іс шараларға белсенді қатысуға шақырды.

Қазақ тілі пәнінен 3 «Б» сыныбында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ехиена Б.Е«Менің тілім – мақтанышым» атты, ашық сабағын өткізді. Оқушылар 2 топқа бөлініп: «Білгірлер» мен «Талаптылар» болып, тапсырмалар орындады. Әр топтың оқушылары белсенді қатысып,қызыға жұмыс жасады.

*Мақсаты:* мемлекеттік тілдің қадір – қасиетін біліп, өз ана тілінің көркемдігін сезіну, басқа тілді құрметтеуге үйрету.









Аманкелді Бибігүл 13.09.3023 жылы тілдер апталығына 6 "Ғ" сыныбында сыныптан тыс " Тіл білгірлері" сайысын өткізді. Сайыстың мақсаты: оқушылардың туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу. Тілге деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын дамыту. Тіл мәдениетінде, достық қарым – қатынасқа, ой ұшқырлығы мен тапқырлыққа, өз ұлтын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу болды.





06 қыркүйек күні Тілдер онкүндігінің ашылуына орай 4 сыныптар мен 7 сыныптар арасында «Тіл-ұлттық қазына» тақырыптық сабағы өткізілді. Мақсаты:  Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге үйрету. Сабақ Мемлекеттік әнұранды орындаудан басталды. Оқушылар сабақ барысында  Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін атап, Отан туралы білімдерін кеңейтті. Мақал-мәтелдерді жатқа айтып, әртүрлі тапсырмалар орындады.

13 қыркүйек күні  Тілдер онкүндігі шеңберінде 4А сынып оқушыларымен «Көңілді тапқырлар» тақырыбында  біріктірілген сабақ өткізілді. Мақсаты: тілдерді үйренуге балалардың қызығушылығын келтіру. Сабақ барысында оқушылар үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) сөздік қорларын бекітіп, сұрақтарға жауап берді. Сабақ соңында тапқырлық пен шығармашылық танытып, топтық жұмыстарын қорғады. Сабақты бірлесіп өткізген мұғалімдер: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Мухамадиева А.К., ағылшын тілі мұғалімі Абдулова К.А.














Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің онкүндігінде әлеуметтік желілер арқылы ұйымдастырылған"Тіл мәртебесі - ел мерейі"челленджіне 8-10сынып оқушылары қатысты. Пән мұғалімі Туржанова М.Б. өткізді.




"Тіл мәртебесі - ел мәртебесі"челленджі





Ахметжанова К.К.  8 Ә сыныбының оқушыларымен қазақ әдебиетінен ашық сабақ және сыныптан тыс сабақ өткізді. Ашық сабақ барысында тапсырмаларды орындау барысында белсенді әдіс тәсілдерді қолдана лды.

Тілдер онкүндігінің жабылуына орай, салтанатты жиын өтілді. Жиында өткізілген іс шаралар бойынша оқушыларға мадақтау қағаздары берілді.